

## "Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Занының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 1 тамыздағы N 722 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Занының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қаруына енгізілсін.

**Қазақстан Республикасының**

*Премьер-Министрі*

*Жоба*

**Қазақстан Республикасының Заны**

**Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы**

Осы Зан Қазақстан Республикасы аумағында адамның өмірін, денсаулығын, қоршаған ортаны қорғау мен тұтынушылар мүдделерін қорғаудың кепілдігі үшін ойыншықтар қауіпсіздігін қамтамасыз етудің құқықтық негіздерін белгілейді.

### **1-тaraу. Негізгі ережелер**

#### **1-бап. Осы Занда пайдаланылатын негізгі ұғымдар**

Осы Занда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ойыншық материалы - қатынасу үшін қол жетімді оларды дайындау кезінде пайдаланылатын, ойыншықтардың құрамдас бөліктері;

2) ойыншықтар - балалардың тек ойын мақсатында пайдалануына дәл арналған бұйымдар;

3) ойыншықтардың қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті орган - берілген өкілеттілер шегінде ойыншықтардың қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

4) ойыншықты теріс пайдалану - ойыншықты дайындаушы көзdemеген шарттар немесе мақсаттарда пайдалану;

5) өнімді Қазақстан Республикасының нарығында орналастыратын тұлға - ойыншықты Қазақстан Республикасының аумағында өткізетін немесе тегін тарататын жеке немесе заңды тұлға;

6) пайдалануши - ойыншықты тіkelей пайдаланатын тұлға;

7) психологиялық-педагогикалық сараптама - ойыншықтарды балалардың рухани-эмоционалдық саулығын сақтау мәніне зерттеу және талдау жүргізу;

8) тұтынушы - ойыншықты сатып алғатын жеке немесе заңды тұлға;

9) функционалдық ойыншық - сол мақсаттағы және сол функцияларды орындауды қайталайтын ересектер пайдаланатын бұйымдардың немесе құрылғылардың

кішірейтілген ауқымдағы моделі болып табылатын ойыншық;

10) химиялық ойыншық - ойын процесі химиялық реакциямен байланысты ойыншық;

11) электр ойыншығы - кем дегенде бір функциясы электрмен байланысты болатын ойыншық.

## **2-бап. Қазақстан Республикасының ойыншықтар қауіпсіздігі саласындағы заңнамасы**

1. Қазақстан Республикасының ойыншықтар қауіпсіздігі саласындағы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституациясына негізделеді және осы Заңдан, "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңынан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда осы Заңда көзделгендердің өзге ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

## **3-бап. Осы Заңның қолданылу аясы**

1. Осы Заң адамның өмірі мен денсаулығы үшін ойыншықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ең аз қажетті талаптарды айқындау, белгілеу, қолдану және орындау, сондай-ақ тұтынушылардың мүдделерін қорғау және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қоғамдық қатынастарды реттейді.

2. Осы Заң реттейтін объектілерге мыналарды:

1) жана жылдық шырша әшекейлерін қоса алғанда (жасанды шыршалар, олардың керек-жарагы, электрлік шырақтар) мерекелік ойыншықтарды;

2) ойын алаңдарында ұжымдық пайдалануға арналған жабдықтар мен көрек-жарақтарды;

3) пайда табу мақсатымен қоғамдық орындарда орнатылған ойыншықтарды;

4) ойыншық бу двигательдерді, іштен жану двигательдері бар тетіктерді;

5) мамандарға арналған 500 астам компоненттері бар басқатырғыштар немесе суреті жоқ басқатырғыштарды;

6) пневматикалық қару-жарақты;

7) ойын садақ, лақтырылатын заттар мен катапульттерді;

8) металдан жасалған ұшы бар нысанаға лақтыруға арналған жебелерді;

9) балаларға арналған әшекейлік бұйымдарды;

10) ойыншықтарда пайдалану үшін арнайы құрастырылған, соғатын капсюльдерді қоспағанда, соғатын капсюльдерді қамтитын фейерверктерді;

11) үй-тұрмыс заттарын қайталайтын 24 вольттан жоғары атаулы кернеуде жұмыс істейтін электр пештері мен басқа да бұйымдарды;

12) ересек адамның бақылауымен оқу процесінде пайдаланылатын қыздырғыш элементтері бар бұйымдарды;

13) 24 вольттан жоғары атаулы кернеуде жұмыс істейтін бейне мониторларға қосылған бейне ойыншықтарды;

- 14) бала емізіктері және бос емізіктерді;
- 15) ересек коллекционерлерге арналған егжей-тегжейлі әзірленген кішірейтілген м о д е л д е р д і ;
- 16) спорттық жабдықтарды, спорттық және жол (серуендеу) велосипедтерін, үлкен тереңдікте қолдануға арналған навигациялық жаракттарды;
- 17) фольклорлық және сәндік сипаттағы құыршақтар мен ересек коллекционерлерге арналған осындай бұйымдарды қоспағанда Қазақстан Республикасында өндірілетін және Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін ойыншықтардың барлық түрлері жатады.

**2-тарау. Ойыншықтардың қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік реттеу**

**4-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің ойыншықтардың қауіпсіздігі саласындағы құзыреті**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ойыншықтардың қауіпсіздігі саласындағы құзыретіне м ы на л а р ж а т а д ы :

1) ойыншықтардың қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын ә з ір л е у ;

2) ойыншықтардың қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерді бекіту.

**5-бап. Мемлекеттік органдардың ойыншықтардың қауіпсіздігі саласындағы құзыреті**

1. Ойыншықтардың қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның құзіретіне м ы на л а р ж а т а д ы :

1) ойыншықтардың қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге а с ы р у ;

2) ойыншықтардың қауіпсіздігі саласында халықаралық және өнірлік ұйымдарда Қазақстан Республикасын білдіру;

3) ойыншықтардың қауіпсіздігі саласында техникалық регламенттер әзірлеу.

2. Техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органның құзіретіне мыналар жатады:

1) ойыншықтардың қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттерді келісу;

2) ойыншықтардың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген құзыреті шегінде ойыншықтардың қауіпсіздігі саласында техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестігін бақылау;

3) сәйкестік белгісінің кескінін, оған қойылатын техникалық талаптар мен таңбалау тәртібін ә з ір л е у және б е к і т у .

3. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саулығы саласындағы уәкілетті органның құзіретіне мыналар жатады:

1) ойыншықтардың қауіпсіздігі жөніндегі санитарлық-эпидемиологиялық ережелерді және нормаларды, гигиеналық нормативтерді әзірлеу;

2) адам өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті ойыншықтарды сатуға жол бермеу жөніндегі шараларды анықтау және әзірлеу мақсатында тұтыну нарығына бақылауды және мониторингті жүзеге асыру;

3) ойыншықтардың қауіпсіздігі саласындағы нормативтік-техникалық актілерді көлісу.

4. Балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органның құзіретіне ойыншықтардың психологиялық-педагогикалық сараптамасын жүргізу тәртібін бекіту жатады.

**6-бап. Ойыншықтардың қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау**

1. Ойыншықтардың қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер түрінде жүзеге асырылады.

2. Жоспарлы тексеру жылына кемінде бір рет жүргізіледі.

3. Жоспардан тыс тексеру Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген негізdemeler бойынша, сондай-ақ бұрын анықталған бұзушылықтар мәнінде жүргізіледі.

4. Ойыншықтардың қауіпсіздігін тексеру екі кезеңде жүргізіледі:

1) құжатты тексеру;

2) қатерлерді бағалауды тексеру.

5. Ойыншықтардың қауіпсіздігін құжатты тексеру мынадай:

1) ойыншықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы осы Заңның талаптарымен, техникалық регламенттермен тұтынушылар үшін ақпараттың растығын тексеру;

2) ойыншықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы талаптарға ойыншықтардың сәйкестігін растайтын құжаттағы ақпараттың сәйкестігін тексеру жолымен жүзеге асырылады.

6. Уәкілетті органдар қатерлерді бағалауды тексеру кезінде өз құзыреті шегінде сынақтарды (зерттеулерді) жүргізу үшін ойыншықтардың іріктеліп алынған үлгілерін аттестатталған және аккредителген зертханаға (орталықтарға) жібереді.

7. Ойыншықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік орган қатерлерді бағалау бағдарламасын әзірлейді.

8. Ойыншықтардың қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органдар егер:

1) олардың мақсатына сәйкес пайдаланылатын ойыншықтар адамның өмірі мен денсаулығына немесе қоршаған ортаға қауіп төндіруі мүмкін;

2) таңбалауда немесе ілеспе құжаттамада көрсетілген ақпарат тұтынушыны адастыруға алып келетін;

3) ойыншықтар қойылатын психологиялық-педагогикалық талаптарға сәйкес көлемейтін;

4) ойыншықтар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес

келмейтін жағдайда ойыншықтарды нарықтан алып қою және нарыққа олардың жеткізілуіне тыйым салу үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

9. Уәкілетті органдардың лауазымды адамдары мемлекеттік бақылау мен қадағалау жөніндегі іс-шараларды жүргізген кезде өздерінің қызметтік міндеттерін орындаған немесе тиісінше орындаған жағдайда және құқыққа қарсы әрекеттер (әрекетсіздіктер) жасаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Уәкілетті органдар құқықтары мен заңды мұдделері бұзылған жеке және (немесе) заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуына кінәлі, мемлекеттік бақылау мен қадағалау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарына қатысты қабылданған шаралар туралы бір ай ішінде хабарлауға міндетті.

**3-тaraу.      Ойыншықтардың      қауіпсіздігін      қамтамасыз  
ету жөніндегі талаптар**

**7-бап.    Қазақстан      Республикасының      рыногындағы      айналым  
кезінде      ойыншықтардың      қауіпсіздігін      қамтамасыз      ету  
жөніндегі жалпы талаптар**

1. Осы Заңың құші қолданылатын ойыншықтар ойыншықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы осы Заңмен және техникалық регламенттермен белгіленген адамның өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі мен қоршаған ортанды корғауды қамтамасыз ететін ең аз қажетті талаптарға сәйкес келуі тиіс.

2. Ойыншықтар егер, оларды мақсатқа сай пайдалану кезінде:

- 1) адамның денсаулығы мен өміріне, сондай-ақ қоршаған ортаға қатер төндірмеген;
- 2) баланың рухани-эмоциялық саулығын сақтаған;

3) тұтынушыларды ойыншықтардың мақсатына қатысты адастыруға алып келмейтін жағдайда ғана ойыншықтар Қазақстан Республикасының рыногына орналастырылуды

мұмкін.

3. Ойыншықтарды рынок айналымына енгізу алдында сәйкестік сертификатын алған және Қазақстан Республикасының рыногына өнімді орналастыратын тұлға ойыншықтарға (орамға) сәйкестік белгісін түсіруге міндетті.

4. Барлық ойыншықтардың мынадай ақпараттан тұратын таңбалауы болуы тиіс:

- 1) дайындаушының және/немесе оның тауарлық белгісінің атауы;
- 2) бұйымның атауы;
- 3) пайдаланудың мақсаты мен шартының негізгі көрсеткіштері;
- 4) дайындау күні;
- 5) тауардың шыққан елі.

5. Таңбалаудың барлық белгілері пайдалану жөніндегі нұсқаулықта түсіндірілуі тиіс

6. Қазақстан Республикасы нарықтарында ойыншықтарды орналастыратын тұлға:

- 1) ойыншықтарды сату кезінде тұтынушы болу мүмкін қатерді бағалау және оларға

тиісті қауіпсіздік шараларын қолдану үшін тұтынушыны пайдалану құжаттамамен және мемлекеттік және орыс тілдеріндегі басқа қажетті ақпаратпен қамтамасыз етуге;

2) ойыншықтарды сату, өткізу немесе ақысыз тарату кезінде ішінара бақылау жүргізуге, шағымдарды тексеруге, осы тұтыну заттарын өткізу кезінде іс-әрекет тәртібі туралы **с а т у ш ы л а рғ а** **х а б а р л а у ғ а ;**

3) ойыншықты пайдаланушылардың қауіпсіздігіне ықтимал қатерді анықтау жағдайында пайдаланушыны уақытылы және тиімді ескертуді қамтамасыз етуге, ал қажеттілік кезінде тіпті оларды тұтынушылардан (пайдаланушылардан) қайтарып алу мен сараптама жүргізуге дейін қауіпсіздіктің қатерін жоюға бағытталған қажетті **і с - ш а р а л а р д ы** **ж у р г і з у г е ;**

4) таратылып қойған ойыншықтардың қауіпсіздік талаптары бұзылғандығы және оларды жою жөніндегі олар қабылдаған шаралар туралы тиісті бақылау органдарына **с ө з с і з** **х а б а р л а у ғ а ;**

5) егер, белгіленген қауіпсіздік талаптарына ойыншықтардың сәйкессіздігі туралы ақпарат бар болса ойыншықтарды сатуды тоқтатуға міндепті.

7. Ойыншықтар психологиялық-педагогикалық талаптарға сәйкес болуы тиіс. Ойыншықты аталған талаптарға сәйкес келмейді деп тану үшін психологиялық-педагогикалық сараптаманың қорытындысы негіз болады.

## **8-бап. Ойыншықтарға қойылатын қауіпсіздіктің жалпы талаптары**

1. Ойыншықтарды пайдаланушылар ойыншықтардың конструкциялық және өзге де кемшіліктері нәтижесінде денсаулыққа зиян келтіру немесе жарақат алу қатерінен қорғалуы тиіс. Ойыншықтарды дайындаудың конструкциясы мен технологиясы мақсатына сәйкес оларды қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етуі тиіс.

2. Оның функциясын және негізгі сипаттамалары мен ерекшеліктерін өзгерпестен конструкцияны өзгерту арқылы толық жойылуы мүмкін емес ойыншықтарды пайдаланумен байланысты қауіп-қатерлердің алдын алу үшін ойыншықтарды пайдаланушылардың ең төмен пайдалану жылын көрсету және ересектердің бақылауымен ғана ойыншықтарды пайдалану қажеттілігін көрсету қажет.

3. Ойыншықтар мен олардың бөлшектері, сондай-ақ бөлшек саудаға арналған олардың орамасы қылғынудың мүмкін болатын ең аз қауіп-қатерінен тұруы тиіс.

4. **О й ы н ш ы қ т а р** **м ы на л а рғ а :**

1) **ж а у ы ғ у ш ы л ы қ** **і с - ә р е к е т к е ;**

2) **қ а т а л д ы қ** **к ө р і н і с і н е ;**

3) өнегесіз іс-әрекеттер мен күш қолдануға;

4) баланың жас құзіретінің шенберінен шығатын сексуалдық проблемаларға теріс қызығушылыққа ;

5) балалар мен ересектердің нәсілдік ерекшелігі мен физикалық кемшіліктеріне теріс қарым-қатынасқа иtermелеуге тиіс емес.

**9-бап.      Ойыншықтардың      механикалық      қауіпсіздігін  
қамтамасыз ету жөніндегі талаптары**

Механикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында ойыншықтарға мынадай талаптар қоюлады:

1) ойыншықтар және оның бөлшектері, сондай-ақ, қозғалмайтын ойыншықтар жағдайында олардың тірегі егер, бұл дene жарақатына алып келуі мүмкін пайдалану уақытында олар ұшырауы мүмкін жүктемені бұза отырмай, көтеретіндей жеткілікті механикалық сенімділік пен беріктікке ие болуы тиіс;

2) ойыншықтардың бөлшектерін біріктіру үшін шеттері, дөңестері, баулары, сымдары мен жарақтары олармен қатынасқа түсу нәтижесінде дene жарақатының қатері ең az мөлшерге дейін қысқартылатында етіп жасалуы және дайындалуы тиіс;

3) ойыншықтар ойыншықтардың бөлшектерінің қозғалысы салдарынан туындауы мүмкін дene жарақатының қатерін ең az мөлшеріне жеткіzetіндей етіп құрастырылуы тиіс;

4) ойыншықтар мен олардың компоненттер, сондай-ақ жасы 3 жасқа жетпеген балалардың пайдалануына арналған ойыншықтардың бөлініп алынатын бөліктері оларды жүтуға болмайтында көлемде болуы тиіс;

5) баланы ұстап тұруға арналған ойыншықтар ойыншықтардың механикалық бұзылуардың салдарынан баланың суға кету қатерін мүмкіндігінше, қысқартатын етіп құрастырылуы және дайындалуы тиіс;

6) пайдаланушы ішіне кіре алатын, жабық кеңістікті білдіретін ойыншықтар герметикалық болуы тиіс емес және ойыншықтан еркін шығу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс;

7) механикалық қозғалысқа арналған ойыншық пайдалануы пайдаланушының құлау немесе дene жарақатымен сүйемелденбейтін тиісті дамитын кинетикалық энергиясының тежегіш жүйесі болуы тиіс;

8) снарядтың нысаны мен композициясы, сондай-ақ ойыншықтан ату кезінде ол дамытатын кинетикалық энергия пайдаланушыны немесе үшінші тұлғалардың дene жарақатының қауіп-қатеріне ұшыратпауы тиіс;

9) ойыншықтың ішіндегі сұйықтық пен газдар ағып кету жағдайында, пайдаланушының немесе үшінші тұлғамен ықтимал дene жарақатын алуы кезіндегі температураға және/немесе қысымға жетпеуі тиіс.

**10-бап.      Ойыншықтардың      өрт      қауіпсіздігін      қамтамасыз  
ету жөніндегі талаптары**

Ойыншықтардың өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мынадай талаптар белгіленеді:

1) ойыншықтарда қауіпті тұтанғыштық элементі болмауы тиіс;

2) олардың іс-әрекеті үшін қажетті қауіпті заттардан немесе препаратордан ұратын ойыншықтар (макеттерді жинауға, пластмассалық немесе керамикалық

құймаларды дайындауға арналған материалдар, әмальдауға, фотосуретпен немесе осындай жұмыстармен айналысуға арналған жабдық) ұшып кететін жанбайтын компоненттердің ұшып кетуі салдарынан тұтануы мүмкін заттар немесе препараттардан тұруы тиіс емес;

3) осы Заңың 3-бабының 2-тармағындағы 10) тармақшада көрсетілген соққы капсюлдерінен басқа ойыншықтар өрт қауіпті болмауы және ойыншықты мақсатты емес пайдалану кезіндегі өрт қауіпті болатын элементтерден немесе заттардан тұрмауы тиіс;

4) химиялық реакциялар, тотықтандырғыш заттарымен қыздыру немесе араластыру нәтижесінде жарылғыш қоспаларды құрауы мүмкін заттардан немесе препараттардан, сондай-ақ ауада тұтанатын және ауамен буда жанатын немесе өрт қауіпті қоспалар құруға қабілетті ұшатын компоненттерден тұруы тиіс емес.

**11-бап. Ойыншықтардың химиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптары**

Ойыншықтардың химиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мынадай талаптар б е л г і л е н е д і :

1) ойыншықтар оларды пайдалану кезінде адамның ағзасына химиялық заттардың әсер етуі салдарынан оның өмірі мен денсаулығына қатерді болдырмайтындей жолмен жобалануы және дайындалуы тиіс;

2) ойыншықтан бөлінетін және ойыншықпен қатынасқа тұсу кезінде жинақталатын адам ағзасындағы денсаулық үшін зиянды химиялық заттар халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саулығы саласындағы уәкілетті орган рұқсат еткен миграция деңгейінде рұқсат етілген санынан аспауы тиіс.

**12-бап. Ойыншықтардың электр қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптары**

Ойыншықтардың электр қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мынадай талаптар қ о й ы л а д ы :

1) балалар ойыншықтарына арналған, сондай-ақ ойыншықтардың жекелеген бөлшектеріне қоректендіру көздерінің атаулы кернеуі 24 вольттан аспауы тиіс;

2) электр көзімен жанасқан кезде электр тогымен соққы беруі мүмкін ойыншықтардың бөлшектері, сондай-ақ ойыншықтың бөлшектеріне тоқ жіберетін кабельдер, сымдар немесе өткізгіштер оқшауланған және механикалық қорғалған болуы тиіс;

3) электр ойыншықтары, оның барлық барынша қызатын бөліктерін ұстаған кезде күйіруден қорғау кепілдігін бере алтындај жобалануы және дайындалуы тиіс.

**13-бап. Ойыншықтардың биологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптары**

Ойыншықтарды дайындау үшін биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында не таза күйінде, не біріктірілген күйінде немесе қоспа түріндегі

пайдалануға тыйым салынған заттары жоқ таза және инфекцияланбаған шикізат пен материалдар пайдаланылуы тиіс. Қолданылатын шикізат пен материалдарды санитарлық-эпидемиологиялық бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардан алынған оң санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы бар болуы тиіс.

#### **14-бап. Ойыншықтардың радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптары**

Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында ойыншықтарда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген радиациялық қауіпсіздіктің рұқсат етілген нормаларынан асатын радиоактивтік элементтері немесе заттары болмауы тиіс.

#### **15-бап. Тұтынушыға арналған ақпаратқа қойылатын талаптар**

1. Ойыншықты тұтынушыға арналған ақпаратта мынадай деректер міндетті тәртіпте болуы тиіс :

1 )       өнімнің       аты ;

2) заңды мекен-жайын көрсете отырып, Қазақстан Республикасының нарықтары өнімді орналастыратын дайындаушының және/немесе тұлғаның толық аты;

3) ойыншықтың функционалдық мақсаты немесе оның қолданылу аясы;

4) негізгі тұтынушылық қасиеттері және/немесе сипаттамасы;

5 )       сәйкестік       белгісі ;

6)       пайдалану       жөніндегі       нұсқаулық ;

7) ойыншықты пайдалану және жасына шек қою кезінде болуы мүмкін қауіп-қатерлер туралы ескерту .

2. З жастан кіші балаларға арналмағандардан басқа ойыншықтарға берілетін ақпаратта жасына шек қоюды енгізу қажеттілігі түсіндірілуі тиіс.

3. Шаналар, аспалы әткеншектер, сақиналар, трапециялар, арқандар және гимнастикалық снарядтардың аспалары үшін рамаға бекітілген сол тәрізді құралдар снарядтардың неғұрлым жауапты бөліктерін (аспалары, еденге бекіту, баулары, түйме ілгектері) мерзімдік тексеру және күту бойынша дұрыс құрастырмадан кезде қауіп төндіруі мүмкін элементтерін көрсете отырып, кешенді монтаждау жөніндегі нұсқаулықпен сүйемелденуі тиіс .

4. Функционалдық ойыншықтарда кішірейтілген моделі немесе имитациясы ойыншық болып табылатын аспап немесе бұйымды қолданудың қатеріне ұқсас қауіп-қатерлерді көрсете отырып, ойыншықты тек ересектердің қарауымен пайдалану мүмкін екендігі туралы, сондай-ақ ойыншықтарды балалардың қолы жетпейтін орындарда сақтау шарттары туралы ақпараты бар ескерту жазбасы болуы тиіс.

5. Химиялық ойыншықтар оларда бар қауіпті заттар, әлеуетті қауіп-қатерлер мен қажетті сақтық шаралары, ойыншықты балалардың қолы жетпейтін орындарда сақтау шарттары туралы, сондай-ақ ойыншықтарды пайдалану кезінде жарақат алған жағдайда алғашқы жәрдем көрсету жөніндегі шаралар туралы ақпаратпен сүйемелденуі тиіс .

6. Роликті конькилер мен скейттер мұндай ойыншықтарды қорғану керек-жарағымен бірге пайдалану қажеттілігін көрсететін және құлау немесе қақтығысу салдарынан болатын қайғылы жағдайларды болдырмау үшін ойыншықты пайдалану кезінде сақтық шаралары туралы ақпаратпен сүйемелденуі тиіс.

7. Суда ойнауға арналған ойыншықтар ойыншықты таяз суларда ұлкендердің қаруымен пайдалану туралы ақпаратпен жарақталған болуы тиіс.

8. Тұтынушыға арналған ақпарат нақты ойыншықты сүйемелдейтін немесе ойыншықта тікелей немесе оның орамасына (тұтынушылық ыдысқа) таңбалау түрінде түсірілуі мүмкін мәтіндік құжаттама (паспорт, заттаңбалар, жапсырмалар, пайдалану жөніндегі нұсқаулық және т.б.) түрінде берілуі мүмкін.

9. Тұтынушыға арналған ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде берілуі тиіс. Егер қысқарған сөздер өнімді рынке орналастыратын дайындаушыны немесе тұтынушыны бірегейлендіруге мүмкіндік берсе, ақпараттың бір бөлігі қысқаруы мүмкін.

10. Өнімнің мәлімденген ақпаратқа сәйкестігі өнімді нарықта орналастыратын дайындаушы немесе тұлға үшін міндетті талап болып табылады.

#### **16-бап. Сәйкестікті растау**

1. Ойыншықтардың қауіпсіздігін сәйкестігін растау техникалық реттеу саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Шетел мемлекеті берген сәйкестікті растау саласындағы құжат егер халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, техникалық реттеу саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесінде оны таныған жағдайда Қазақстан Республикасында күші бар деп есептеледі.

#### **4-тaraу. Қорытынды және өтпелі ережелер**

#### **17-бап. Осы Заңның талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік**

Ойыншықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылық Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілік тартады.

#### **18-бап. Өтпелі ережелер**

1. Адамның өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта үшін ойыншықтардың қауіпсіздігі талаптарын белгілейтін тиісті техникалық регламенттер және олармен үйлестірілген стандарттар қолданысқа енгізілгенге дейін мемлекеттік реттеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Заңға қайшы емес бөлігінде стандарттау жөніндегі өзге де нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Техникалық регламенттер және олармен үйлестірілген стандарттарды қолданысқа енгізуіне қарай қайталайтын немесе оларға сәйкес келмейтін заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер мен өзге де нормативтік актілер жоюға жатады.

2. Осы Заң күшіне енгенге дейін Қазақстан Республикасының рыногында орналастырылған ойыншықтар үшін олардың сәйкестігін растайтын құжаттар оларда

көрсетілген қолданылу мерзімінің ішінде күшін сақтайды.

3. Осы Заң күшіне енгеннен кейін пайдалануға берілген және сәйкестікті міндетті растауға жататын ойыншықтар үшін осы Заң күшіне өткеннен кейін Қазақстан Республикасының аумағына еркін айналымға қайта түсіі кезінде Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасының талаптарына сай сәйкестікті міндетті растау жүргізілуі тиіс.

**19-бап. Осы Занды қолданысқа енгізу тәртібі**

Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК